

Қазақстан-Германия Үкіметаралық экономикалық ынтымақтастық Кеңесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 11 шілде 1994 ж. N 769

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру және өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан-Германия Үкіметаралық экономикалық ынтымақтастық Кеңесінің Қазақстан жағы құрылсын.

2. Қазақстан-Германия Үкіметаралық экономикалық ынтымақтастық Кеңесінің Қазақстан жағының тең төрағасы болып Қазақстан Республикасының Экономика министрі М.Ф. Үркімбаев бекітілсін.

3. Үкіметаралық Кеңестің Қазақстан жағының тең төрағасына Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен, басқа да мүдделі ұйымдармен бірлесе отырып бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Кеңестің жеке құрамы бойынша ұсыныс енгізу тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі